



Екі рет Олимп шынын- бағындырып, торт дүркін Әлем чемпионы атанған ауыр атлет Илья Ильинді сөйсенбіде Сыр жұрты ыстық ықыласпен қарсы алды. Алатау бөктерінде өткен тау қозғар толағайлар арасындағы тартыста қызыл байрақты қызыл көтеріп, әнұранды әуелеткен санлақ спортшынын ерлігіне сай сый-сияпат қорсетілді.

Қызыл райынын қол-лайсыздығына қарамай батыр ұлын әужайдан сән-салтанатымен күтіп алғандардын қарасы қалын болды. Жанкүйерлер «Илья - чемпион» деп ұран-датып, гүл шоқтарын тарту етті.

Мұнан соң жаһандық жарыста қазақ жігіттерінің қайсарлығын паш еткен қыранды аймақ басшысы Қырымбек Қошербаев қабылдады. Ол Илья Ильинді кезекті жеңісімен күттықтап, жол тал-ғамайтын «Toyota Land Cruiser» авто-қолігінің кілтін табыстады.

Ауыр атлетке табысталған сый мұнымен тоқталмады.

- Келесі жылы Илья Ильин атындағы спорт кешенін саламыз. Биыл 54 млн. тенгеге жобала-у жұмыстары жасалды. Бұл элем чемпионынын атына лайық, жоғарғы денгейдегі ауыр атлеттер тәрбиелейтін кешен болады. Жарыска аттанбас бұрын Ильяга сен өз алтынынды тарту етсен, мен өз алтын-ымды жасаймын деген болатынмын. Илья уәде берді, орындады. Мен меженін орын-даларына күмәнданған жоқпын. Енді менін кезегім,- деді облыс әкімі.

Сондай-ак Ильянын жеке бапкері Тойшан Бектеміровке 10 мың АҚШ долларына сертификат табыстады. Кездесу барысында чемпионнын 2016 жылғы Рио де Жанейрода отетін Олимпиадага жаттығу шығындарына “КазГерМvнай” компаниясы демеу-шілік жасайтындығын компания дирек-торы Медет Кәрім мәлім етті.

Оз кезегінде Илья облыс әкіміне, ерекше ілтипат қор-сетіп жатқан жан-күйерлеріне шын жүректен ризашы-лы-ғын жеткізді.

- Сіздердін демеулерініз, Елбасынын сенімі барда мен бұл женіспен тоқтап қалмаймын. Жат-тығуымды өзбей, Рио де Жанейрода сіздерге тағы қуаныш сыйлауга тырысамын, - деді.

Шегініс. Кызыл-ордалықтар айтулы аламанда жерлес-теріне қалай қолдау қорсетті? 15 қараша. Алматы-Кызылорда. Тікелей трансляция. Сыр жүрты Орталық алан мен «Мvз айдыны» кешеніне жиналды. Кешкі сағат жетіні тағатсыздана, тыпырши күтті. Ильяга деген сенім мен қобалжу жүрек түкпірінде тайта-ласып жатты.

Делебені қоздырар дүбірлі дода да басталды. Ауыр сал-мақтағы толағайлар тапсырыс беріп жатыр. Лондан Олим-пиадасынан кейін салмақ ауыстырған Илья жүлка қотеруде ә дегеннен 183 келіге тапсырыс жасады. Бойынан асырып, нық түрды. Келесі мvм-кіндіктерінде 187, 190 келі-ні өнсерген ол Озбекстан, Кытай спортшыларынан 3 және 1 келіге ұтылып, кіші қоланы қанағат түтті. Ильяны-н спорт жолын-а қанық азаматтар жүлка қотерудін жерлесі-міздін он жамбасына келмейтіндігін, серпе қотеруден суырылып алға шығатындығына сенім білдіріп жатты.

- Илья жүлка қотеруден тым төмен ұпай жинап түрган жоқ. Екі атлетке жол берді. Алда серпе қотеру сайысы бар. Илья серпе қотерудін тактикасын жетік игерген. Ол сол сайыс

қорытындысымен бәрін басып озады деген сенімдемін,- деді Ильяның нағыз жанкүйер жерлесі Асылжан Ақанұлы.

Бәрі де мүмкін. Асылжанның үмітінің ақталғандығын біз де қалаймыз.

Серпе котеру бәсекесінде ауыр атлеттер қорерменге нағыз шоу қорсетті. Бірақ бұл шоу қазақстандықтардың, қызылордалықтардың қыты-ғына тиді десек артық болмас. Алтын үшін арпалыста Ильяға озбек атлеті Нуриддинов пен ресейлік Беджаниян тегеу-рінді қарсылас болды. Озбек атлеті серпе котеруде 220 және 230 келіні бағындырып, сонғы мүмкіндігінде 239 келіні қоте-ріп, жүлқа котеру бойынша әлем рекордын өзгерткен. Деген-мен, ресейлік Беджа-ниян оны басып озды. Теріскейлік қорші алғашқы мүмкіндігінде 225 келіні бағын-дырып, кейін 235 келіні енсерә алма-ды. Бірақ, ол үшінші мүмкіндігінде Русланның рекор-дын жанартып, 241 келіні тір-кеді. Ал, Илья Ильин-се-ріппе котеру- -бәсекесін бір-ден 233 келіні алумен бастады. Екінші мүмкіндігінде 239 келі-ні тактикалық қателіктер жі-беру салдарынан ала алмады. Осы сәтте қолдарына есептегіш алып, нәтижені аңдып отырған жанкүйер демін ішіне тартты. Оз жерімізде алтын сусып- кете ме деген үрей күшағына енді. Бірақ елдің қошеметін, қолдауын сезінген Илья сонғы мүмкіндігінде алтын алу мақсатымен 242 келіге тапсырыс берді. Күллі қазақ жүр-тының демеуінен күш алған ол «бес қап үнды» бір-ақ котерді. Мүз айдынына жиылған жүрт «Иә солай, иә солай, біздің Илья осындай» деп әндетіп, жеңіс тойын тойлады.

- Мен өте қуаныштымын. Барша қазақстандықтарды бүгінгі үмітті үзілдіріп, жүрек-ті дір еткізіп барып қолға түскен күнды жеңіспен күт-тықтаймын. Илья ел сенімін ақтады. Оған әлі де толағай табыстар тілеймін, - деді Мәншүк Жанабекқызы.

Иә, алты Алаш айтулы жеңісін күтты болсын. Толағайын түғырынан таймасын!

Бұл жеңісті түсінбей қал-ғандар да жоқ емес. Сондықтан айта кеткенді жөн қоріп отырмыз. Озбек атлеті де қос сайыс қорытындысымен 432 келіні бағын-дырған, бірақ Ильяның салмағы Нуриддиновтан 30 грамға аз болғандығына байланысты спорт шартына сай жеңім-аз танылды. Сонымен алтыннан алқа тағынған жаны қазақ Илья Ильин (190+242) болса, Озбекстан фавориті Руслан Нуриддинов (193+239) күмісті еншіледі. Ал ресейлік Давид Бенджаниян 427 үпаймен (187+240) үздік үштікті түйін-деді.

Әлем қоз тіккен чемпионаттын 105 келі санатындағы ерлер арасындағы додада 4 рет әлем рекорды жанарғандығын астын сызып тұрып айтпаса болмас. Серпе қотеруде Нуриддинов бұған дейін танба-ланған қорсеткішті 239 келіні қотеріп жанартса, іле-шала Бенджаниян 240 келіні өнсеріп, ол рекордты қайта бұзды. Әлем чемпиондарының қойған рекорд-дың Илья Ильин тас-тал-қан етті. Ол серпе қотеруде 242 келіні бағындырды. Сондай-ақ, Арменияның атынан шыққан 17 жастағы спортшы Симон- Мартиросян жұлқа қотеруден 183 келіні қотеріп, жастар арасындағы әлем рекордын жанартты.

Бәрін айт та, бірін айт, біз-дін үл жарады. Тіпті туган топырағына табан тіреген «Алтын баланын» құрметіне автошеру ұйымдастырылды. Қызыл-орда облысының жастар саяс-аты мәселелері басқар-масының мұрындық болуымен «Алатау» мейрамханасынан орталық аланға дейін чемпионның қатысуымен «ке-р-уен» жүріп өтті. Кешкілік орталық аланда облыс өнерпаздарының қатысуымен мерекелік концерт болды.

- Мен баршаныңды қолдауларыңыз бен демеулеріңізге ал-ғыс айтамын. Мені сіздердің сенімдеріңіз жігерлендірді. Шешуші, сонғы сәтте сіздердің ақ тілектеріңіздің арқасында жеңіске жеттім. Мен Казакстанымды, Қызылордамды сүйемін , - деді Илья жерлестерімен жүздесуде.

Аймақтағы әр спортшының жанашырына айналған Қызылор-да облыстық спорт және дене шынықтыру бас-қармасының басшысы Садық Мұстафаев:

- Мен Ильяның спорттағы мансабын алғашқы адымдарынан білемін. Ильяда өзіне деген сенімділік, жігер бар. Ол мұны Дохада-ақ дәлелдеген. Содан бас-тап Ильяның жеңісіне еш күмән келтірген емеспін. Алматыдағы Әлем чемпионатының алдында ол үзде берді. Демек, Илья үзде берсе- оны қалайда орындайтын азамат. Жұлқа қотеруде Илья үшінші орында тұрғанда біраз жүрттың дегбірі қашты. Ал серпе- қотеруде- 139 келіні қотере алмағанда алтыннан үміт өзгендер де болды. Сол сәтте бәріміз Жаратқаннан демеу күттік. Құдай қолдап, Илья алтын- алатын салмаққа тап-сырыс берді. Мен 242 келіні Илья бағындыратынына еш шүбәсіз сендім. Себебі ол – Илья. Серт етті екен, орындайды. Мен барша- қазақстандықтарды, қызыл-о-рд-алықтарды ортақ жеңісі-мізбен күттықтаймын. Әлі Рио де Жанейродағы жеңісті бірге тойлаймыз деп үміт-те-немін , - деді.

Сырдың «сары баласынан» «алтын баласына» айналған Ильяға арналған арнайы кеште- «Илья - чемпион» әні орын-далып, шара соны мерекелік отшашуға ұласты.